

**"САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ЖӘНЕ
ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫ
ҰЙЫМДАСТАЫРУ НЕГІЗДЕРІ " "
№ 5 ТАҚЫРЫП**

ЖОСПАР:

- 1. Эскерді медициналық қамтамасыз етудің жалпы жүйесінде санитарлық және эпидемияга қарсы шаралардың орны мен маңызы.
- 2. Сөзіс жағдайында әскерлерде өткізілетін санитарлық-гигиеналық және эпидемияга қарсы шаралардың мазмұны мен түсінігін анықтау.
- 3. Бөлімнің және онын әрекет ауданының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайының сипаттамасы. Бөлімде бақылау(обсервация) мен карантинді ұйымдастыру.
- 4. Эскерде санитарлық-гигиеналық және эпидемияга қарсы шаралардың жүргізу үшін тартылатын күштер мен құралдар.

1. СУРАҚ. ӘСКЕРИ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҰЙЕСІНДЕ САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫҢ МӘНІ МЕН ОРНЫ.

Қарулы қүштердің құру тәжрибесінде әскери жеке құрамынан әскери қабылеті деңгейін көтерудің ең басты міндеті - әскери қызметкерлердің денсаулығының нығайту, оларды жарапанған немесе ауырған кезде емдең, қатарға қосуға бағытталған шаралар болып табылады.

Осындай шараларды үйымдастыру мен жүзеге асыру Қарулы қүштердің медициналық қызметіне тікелей жүктеледі, ал шаралардың барлығы әскери қимылдың барлық түрлерін медициналық қамтамасыз ету болып саналады.

Қазіргі кезде әскердің медициналық қамтамасыз ету - кеңейтілген шаралар жүйесінен тұрады. Оның ішінде ең негізгісі - медициналық -эвакуациялық, санитарлық -гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар мен медицина қызметін басқару болып табылады.

Соғыс уақытында инфекциялық ауралар пайдада болуы мен таралу қаупі жоғары болады (жұқпалы аурулардың өршиуі, аз аумақта көп әскердің орналасуы, тұргындардың материалдық-тұрмыстық, санитарлық-гигиеналық жағдайының төмендігі, жеке құрамды медициналық, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етуде үзілістердің болуы және т.б.). Сонымен қатар жау жағының әскери қимыл жүріп жатқан ауданының санитарлық-гигиеналық жағдайын нашарлатуға әсер ететін шаралар қолдануы да мүмкін. Әскерді медициналық қамтамасыз етуде санитарлық- гигиеналық және эпидемияга қарсы шаралар маңызды орын алады. Осы шаралар жеке құрамның денсаулығын нығайтуға, қорғауға және жауынгерлер арасында инфекциялық аурулардың пайдада болуы мен таралуының алдын алуға бағытталуы тиіс.

Санитарлық-гигиеналық және эпидемия қарсы шаралардың манызы өте зор, әсіресе бұл жағдайда жау жағы бактериялық қаруды немесе басқадай жаппай қыру қаруын қолданғанда. Әскерде санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды бөлімдердің медицина қызметі бастығы үйымдастырады. Осы жұмысқа тікелей басылық жасауды эпидемиолог-гигиенист дәрігер мамандар жүзеге асырады. Әскердің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайының сәтті болуы тек медицина қызметіне ғана емес, сол сияқты командирлердің де басты назарында болуы керек. Санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар офицерлер, сержантар және кұрамның қатысуымен өтеді, командирдің бүйрығымен петтеледі.

2. СҰРАҚ. СОҒЫС ЖАҒДАЙЫНДА ӘСКЕРДЕ ӨТКІЗІЛЕТИН САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭПИДЕМИЯФА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ТҮСІНІКТІ АНЫҚТАУ

Санитарлық-эпидемиологиялық және эпидемиология қарсы шаралар жеке құрамның денсаулығын қорғау мен нығайтуға, сөзіс қабілетін арттыруға арналған, әскерде инфекциялық аурулардың пайды болуын алдын алу мен жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Бұл шаралар бірегей комплекс ретінде жүргізіледі, өзінің мазмұны жағынан арнайы мамандар мен құралдарды қажет етеді, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы етеді, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар болып бөлінеді. Санитарлық-гигиеналық шараларды барлық бөлімдер мен бөлімшелерде командирлер мен барлық дәрежедегі басишилар өткізеді,

ол жеке құрамыңың денсаулығын қүшіейтуге және соғыс қабілетін сақтау мақсатында белгілі бір мақсатында белгілі бір гигиеналық нормаларды қатаң орындау арқылы жүргізіледі. Ұйымдастыру кезінде тамак, сумен қамтамасыз ету, монша-кір жуу, қызметі болуы, әскерилердің еңбек қауінсіздігін қамтамасыз ету, соғыста қаза тапқандарды жерлеу, жеке бастың және қоғамдық гигиенаны сақталуына ерекшие көніл бөлу қажет. Бөлімнің медициналық қызметіне келісілер жүктеледі:

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН МЕДИЦИНАЛЫҚ БАҚЫЛАУ :

- әскери енбек жағдайын санитарлық қадағалау, жеке құрамды орналастыру, тамақтандыру, сумен қамтамасыз ету, жеке құрамда монша-қір жуу қызметін қөрсету, соғыста қаза тапқандарды жерлеу;
- бөлімнің, оның әрекет ауданы мен орналасқан жерінің санитарлық-гигиеналық жағдайын байқау, әскери қызметкерлердің денсаулығына сыртқы ортаның әсерін болжау және әскерлер денсаулығын қорғау мен нығайту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- жеке құрамның гигиеналық тәрбиесі;

Эскери қызметкерлердің денсаулығына медициналық бақылау жасау-денелерін қарау және медициналық тексеру жолымен күнделікті медициналық бақылау жасау және ауруды талдауды жүзеге асыру.

Денені қарауды фельдишер жеке құрам жуынған кезде (санитар-инструктор мен бірге) тері қабатында жұқпалы жараны анықтау мақсатында жүргізеді және жеке бастың гигиенасы сақталуын бақылайды, қажет болған жағдайларда денені тексеру жуыну аралықтарында да жүргізіледі. Дәрігер тамаққа тәбеті нашар, денсаулығы әлсіз жауынгерлерде жедел және созылмалы аурулар бар екендігін анықтау мақсатында медициналық тексерулер мен күнделікті бақылауды үйимдастырады.

Медициналық тексерулер жүргізу тәртібі қалыптасқан жағдайларға байланысты бөлім бойынша белгіленеді. Иондауышы және ионды емес сәулеге, химиялық улы заттар әсеріне ұшырағандар, созылмалы аурулары бар, әлсіз, дене кемістігі бар адамдарды медициналық қызмет есепке алады және медициналық бақылауда болады, оларға тиісті емдеу –профилактикалық шаралар жүргізіледі. Денсаулық жағдайын осылай медициналық бақылау мәліметтері әскери бөлімнің санитарлық-гигиеналық жағдайын бағалау кезінде және әскери қызметкерлерің денсаулығын қорғау мен нығайту бойынша қажетті шаралар дайындауда пайдаланады.

ӘСКЕРИ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА КЕЛЕСІЛЕР КІРЕДІ:

- әскери техника мен қаруларды пайдалану кезінде гигиеналық нормалар мен талаптардың сақталуына бақылау жасау;
- ауа райы мен климат жағдайына қарай әскери қызметкерлер киіммен, жабдықтармен, қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуін тексеру;
- ракета отыны компоненттерімен, агрессивтік және жоғары улы ерітінділермен, сәулө көздерімен, тазы да басқадай зиянды факторлармен жұмыс істеген кезде кәсібі аурулардың алдын алу бойынша шаралардың орындалуына бақылау жасау;
- әскерилердің әскери қызметін, еңбек жағдайын жақсарту, еңбек кестесі ынгайлы ету, сондай-ақ тиісті медикаменттерді қолдана отыра жоғары еңбек қабілетін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар жасау.

ОРНАЛАСТЫРУҒА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖАСАУ

Медициналық қызмет бастығы медициналық барлау жүргізе отыра, жеке кұрамның еңбегі мен демалысына дұрыс жағдай туғызып және құшті қалпына келтіру үшін қоршаған ортаның жағымсыз факторларынан қорғау мақсатында әскер орналасқан ауданның санитарлық-гигиеналық жағдайын бағдарлайды.

ОҒАН КЕЛЕСІ ШАРАЛАР КІРЕДІ:

- дивизия /полк/ орналасқан және қымыл жасаіттың ауданның санитарлық-гигиеналық жағдайына кері әсер ететін факторларды дер кезінде анықтау мақсатында бақылау жүргізі;
- инженерлік кұрылыштарды, жылу пункттерін, да拉 баспа насымен тасаларды салу кезінде гигиеналық талаптардың орындалуына бақылау жасау;
- аумақты тазалауға, боктықтарды шығару мен залалсыздандыруды дер кезінде үйымдастыру мен бақылау;
- жеке құрамның денсаулығы мен әскери қабылетіне жағымсыз әсер ететін факторлардың алдын алу мен азайтуға арналған ұсыныстар дайындан, олардың орындалуын бақылау.

ТАМАҚТАНУДЫ САНИТАРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУҒА КІРЕТІНДЕР:

- *тамақтанудың саны мен сапасын толық болуын және жеке құрамның дұрыс тамақтану жағдайын қадағалау;*
- *тамақ өнімдері сапасы жақсы болуын, дайындау технологиясы мен дайын өнімдер сапасына бақылау жасау;*
- *тамақ қызметі қызметкерлерінің денсаулық жағдайына медициналық тексеру жүргізу және жеке гигиена ережелері сақталуын қадағалау;*
- *тамақтан, уланудың алдын алу бойынша шаралар ұйымдастыру;*
- *әскери қызметкерлерің тамақтануын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.*

СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ САНИТАРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУҒА ЖАТАТЫНДАР:

- *су көздерін барлауға қатысу;*
- *сумен қамтамасыз ететін пункттерді, су жинайтын пункттерді, су таситын көліктер мен су қоймаларының санитарлық жағдайын бақылау;*
- *суды тасымалданап ішетін және суды тұтынуышы жерлерде су сапасына үнемі зертханалық зерттеулер жасауды үйымдастыру;*
- *сумен қамтамасыз етуді нормага жеткізу, жеке кұрамды суды заралсыздандыратын жеке кұралдармен жабдықтап және оларды қалај пайдалану керектігін үйрету;*
- *су таситын, суды босататын жеке кұрамның денсаулық жағдайын үнемі медициналық тексеруден өткізу кіреді.*

МОНША-КІР ЖУУ ҚЫЗМЕТИНЕ САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖАСАУҒА КІРЕТІНДЕР;

- *жеке құрамның жуынудың үйымдастыру мен жүргізуін қадағалау;*
- *кимдердің, төсек орынның және арнайы кимдердің жуылуына, дезинфекциялануына бақылау жасау;*
- *монша мен кір жуатын орындарда қызмет көрсететін жеке құрамның денсаулық жағдайына медициналық бақылау жасау жатады.*

СОФЫСТА ҚАЗА ТАПҚАНДАР МЕН ӨЛГЕН ЖАУЫНГЕРЛЕРДІ ЖЕРЛЕУГЕ САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА ЖАТАТЫНДАР:

- туысқандар қабіріне жер таңдағанда санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалау;
- жерлеу ережелері сақталуын бақылау;
- санитарлық қауіпті саналатын материалдарды жою;
- жерлеуге және соғыс даласын тазалауда бөлінген команданы дезинфекциялық заттармен қамтамасыз ету;
- жерлеуге және соғыс даласын тазартуға қатысқан жеке құрамды жұмыс аяқталған соң жуындыруды ұйымдастыру жетады.

*Медицина қызметінің бастығы
санитарлық - гигиеналық шараларды
жүргізу туралы ұсыныс дайындау кезінде
бөлімнің санитарлық-гигиеналық
жаздайының қанағаттанарлық және
қанағаттанарлықсыз болуын болжап және
бағалауы керек.*

Санитарлық-гигиеналық жағдай мынадай жағдайларда қанағаттанарлық деп есептеледі:

- егер жеке құрамның аурушаңдығы әскердің соғысқа қабілеттілігіне әсерін тигізбесе;
- ауданның эпидемияға қарсы жағдайы әскери қимылға жаралды, соғыс қимылы болатын аумақ ОВ, РВ, БК және тұрмыстық, өндірістік азын сүмен, улы заттармен уланбаған болса, сүмен қамтамасыз етілуі, енбек жағдайы талапка сай болса, ал жеке құрам толықтай қажетті киіммен және қорғаныс заттармен жабдықталған жағдайда санитарлық-гигиеналық ақуал қанағаттанарлық деп саналады.

Санитарлық-гигиеналық жағдай қанағаттанарлықсыз болып есептеледі, егер:

- *жеке құрам арасында аса қауіптің жүкпалы инфекциялық ауралар пайдада болса; жер ионмен ластанса және ағын су лайланып, ұлы затпен араласса, әскер сапалы су, тамакпен қамтамасыз етілмесе санитарлық-гигиеналық жағдай қанағаттанарлықсыз деп есептеледі.*

Бөлімнің санитарлық-гигиеналық жағдайының қанагаттанарлыксыз екендігі туралы медицина қызметінің бастығы командирге баяндайды және жоспарлы шараларға қосымша санитарлық-гигиеналық жұмыстар жүргізу жөнінде ұсыныс жасайды.

Гигиеналық тәрбие әскерде жеке басы мен қоғамдық гигиена ережелерін сақталуына саналы түсінік қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Оnda тәрбие нақты жағдайларға байланысты тәрбие жұмысының келесі түрінде жүргізіледі: әңгіме, дәріс, тәжсрибе, тәрбие сабактары.

Эпидемияга қарсы шаралар: медицина қызметінің мақсаты-әскери қызметкерлер арасында жүқпалы аурулардың пайды болуын алдын алу, ал осындай жағдай бола қалса, аурудың таралуына жол бермеу және эпидемия ошағын жою болып табылады.

Эпидемияға қарсы шаралар комплексіне жататындар:

- осы аудандарды қадағалау;
- инфекциялық ауруларды ерте анықтап, оларды бөлектеу және госпитализациялау кіреді.

Инфекциялық аурулардың әрбір жағдайы, таралуы, таратуши адамдар, инфекциялық аурулармен қарым-қатынаста болғандар және қолданған, пайдаланған заттары эпидемиялық тексеруге жатқызылады. Бұл адамдардың қиімдері дезинфекциядан өткізіліп, толық санитарлық тазалаудан өтеді және бақылауда болады. Қажет болған жағдайда карантин белгіленеді. Эпидемия ошағында дезинфекциямен дератизация жүргізіледі. Жойылған ошақтарына эпидемиялық бақылау қойылады.

Медицина қызметі инфекциялық ауруларды әзірлеуден кейінде инфекция таралуын алдын алу шараларын жүзеге асырады.

Олар келесі жұмыстың жүргізеді:

- әскери жеке кұрамды инфекциялық ауруларға қарсы профилактикалық иммунизациялау;*
- бактерия тасығыштар мен созылмалды инфекциялық аурулармен ауратындарды анықтау, есепке алу және емдеу.*
- жсанадан әскер қатарына шақырылғандарды медициналық бақылауга алудың жүргеге асырады.*

Жеке құрам арасында инфекциялық аурулардың пайда болуын алдын алу үшін, әскер орналасқан және әскери қимыл ауданына эпидемиологиялық барлау жүргізу, осы аудандарды бақылау, санитарлық ағарту жұмысын жүргізу, жеке құрамды белгілі бір инфекцияга төзімділігін арттыру үшін санитарлық-гигиеналық шаралар өткізу, профилактикалық егулер, сарысу егу, медикаменттік профилактика, инфекция тасуышылармен курс жүргізеді.

Қарулы күштерде барлық әскери қызметкерлерге жоспарлы түрде инфекциялық ауруларға қарсы егулер жүргізіледі.

Жоспарлы егулер мерзімі мен сипаты әскери басышылардың бүйрығы мен және медицина қызметі бастығының нұсқауымен белгіленеді.

Эпидемия көрсеткіштері бойынша вакцинация бөлім командирінің медицина қызметі бастығының бүйрығымен жүргізіледі.

Инфекциялық аурулардың пайда болуын алдын алу үшін әскери жеке кұрамды инфекция ошағында тұратын тұрғындармен қарым-қатынас жасауын тоқтату бойынша шаралар жасалады. Жұкпалы аурулар қоздырығыштарын таратушылар, созымалы инфекциялық аурулар түрімен ауыратындар есепке алынады, емдеу жүргізіледі. Жеке кұрам арасында инфекциялық аурудың пайда болуын алдын алуда әскердің қозғалысы (жылдысу) жолында санитарлық шаралар, жанадан келгендеге санитарлық бақылау жасау, әскер орналасқан аудан тұрғындары арасында эпидемияға қарсы шаралар өткізуге медицина қызметінің қатысусы үлкен роль атқарады. Эпидемия ошағы анықталған соң эпидемияға қарсы шаралар комплексі кеңейе түседі. Ең алдымен, инфекциялық аурулар бөлекtenеді, оларды ерте анықтауда санитарлар, ротаның санитар- инструкторлары, батальон фельдшерлері, бөлім әскери қызметкерлері мен емдеу мекемелерінің дәрігерлері белсенді қызмет істеулері қажет.

Эскерде инфекциялық аурулар пайды болғанда ауруды бөлектеу мен госпитализациядан басқа әр инфекциялық жағдайга эпидемиологиялық тексеру жүргізіледі, тексеру инфекция ошағын және таралу жсолын анықтау мақсатында, инфекциялық аурумен қарым-қатынаста болған адамдарды, оның тұтынған заттарын анықтау үшін жүргізіледі, ал эпидемия ошағында дезинфекциялық және дератизациялық шаралар жүргізіледі.

Инфекциялық аурулар немесе инфекцияға күдүкті (сезікті) адамдарды бөлектеу үшін батальонның медициналық пункті құрамында кемінде 2 инфекцияға арналған изолятор жабдықталады. ПМП-ң изоляторынан басқа БМП-не де аурулар эвакуацияланып, олар арнайы бөлінген көлікпен тікелей инфекциялық госпитальға жеткізіледі

Инфекциялық ауралырга санитар немесе санитар – инструктор ілесе барады, олар ауруға көмек көрсету үшін дәрілермен және дезинфекциялауға қажетті заттармен қамтамасыз етіледі. Өте қауіпті жұқпалы инфекциялық аурулармен бірге жаралылар немесе соматикалық ауруларды эвакуациялауға болмайды. Инфекциялық ауралар жеткізілген көлік сол жерде, ауруды өткізгеннен соң, ауруды қабылдаған мекемеде дезинфекцияланады. Инфекциялық аурудардың әр бір жағдайы туралы медицина қызметінің бастығы бөлім командиріне, сондай-ақ жоғарыдағы медицина қызметінің бастығына баяндауға міндетті.

3.СҰРАҚ. БӨЛІМНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘРЕКЕТ АУДАНЫНЫҢ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ СИПАТЫ. БӨЛІМДЕ БАҚЫЛАУ (ОБСЕРВАЦИЯ) МЕН КАРАНТИНДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.

- Санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар көлемі мен оны ұйымдастыру нақты әскери жағдайларға және әскердің орналасқан, әрекет ететін ауданының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайына қарай анықталады, ол:
 - *сәтті;*
 - *тұрақты;*
 - *сәтсіз;*
 - *тотение болып бөлінеді.*

- *Жағдай қолайлы, сәтті деп есептеледі, егер аса қауіпті жұқпалы аурулар болмаса немесе әскердің санитарлық жағдайында бірлі-жырымды инфекциялық ауралар болса, осы аурулардың инкубациялық мерзімінен байланысты емес аурулар болса жағдай сәтті деп есептеледі.*
- *Егер қарсыластар әскер орналасқан ауданда бактериялық қару қолданбаса жағдай тұрақсыз деп есептеледі, егер әскердің жағдайында бірлі жарымды, бір бірімен байланысы жоқ немесе әскери бөлімнен басқа жерде аса қауіпті жұқпалы аурулар болса; егер жаппай тарапу қауіпті бар жұқпалы аурулар тобы пайды болса: егер әскери бөлім санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы тұрақсыз ауданға орналасса; орналасқан ауданда немесе көршілес бөлімдерде бактерия жүктыратын заттардың ошагы болса. Бөлімнің санитарлық-эпидемиологиялық тұрақсыз жағдайы туралы медицина қызметі бастығы басшыларга баяндайды және эпидемияга қарсы қажетті шаралар туралы ұсыныстар жасайды,*

сондай-ақ басқа бөлімдердің медициналық қызметіне хабарлайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы сәтті бөлімдерде, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы тұрақсыз бөлімдерге қатысты қосымша эпидемияга қарсы шаралар (жеке құрамға егу; жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты тоқтау) жүргізіледі. **Жағдай сәтсіз деп саналады**, егер таралу қаупті бар топталған жүқпалы аурулар, белгісіз сипаттағы көптеген аурулар пайда болса; ал бөлімнің өзінің санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлықсыз болса; егер әскери бөлім бактериялық заттар әсеріне ұшыраса; әскери бөлім орналасқан ауданың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы сәтсіз болса, онда әскери басылар бүйрыйғымен карантин жарияланады.

Жағдай төтение деп саналады, егер эпидемиялық аурулар саны аз уақыт ішінде қөбейіп кетсе; осының салдарынан бөлімнің әскери қимылдарға қатысуға мүмкіндігі келмесе; егер аса қаупті инфекциялық аурулар қайталанып отырса; сондай-ақ әскери бөлім бактериялық қару әсеррінен зақымдалса, жағдай төтение болып саналады.

Тотение жағдай әскери басының бұйрығымен жарияланады. Осы бөлім арнайы изоляцияға (бөлектеуге) жатқызылады.

Бөлімде бақылау (обсервация) және карантин үйымдастыру:

Қарсылас бактериялық қару қолданғаннан кейін, медицина қызметі оның зардаптарын жою бойынша шараларға қатынасады. Бұл шаралар ең алдымен эпидемия ошагында, осы аумақтағы тұрғындар арасында жүргізіледі, техникалар, көліктер және осы қару зардаптарына ұшыраған басқадай мүліктер тазалаудан өткізіледі.

Қаупті заттарды пайдаланған адамдар немесе инфекциямен контактіде болғандар бактерия жүқтырығандар болып есептеледі. Бактериялық шабуыл зардаптарын жою бойынша шаралар әскери жағдайга байланысты жүргізіледі. Ең алдымен қолданылған заттар индикациялаудан өткізіледі.

Жүктүрү ошагының шегі анықталады.

Ошақ бақылауға алынады немесе карантин үйымдастырылады, осымен қабаттаса ошақты залассыздандыру жұмысы жүргізіледі. Жаудың қандай қоздырғыш қолданғаны анықталғанша әскер бақылауда болады. Ошақ күшеттілген бақылауға алынады, бірқатар емдік-профилактикалық және бөлектеу (изоляция) шектеу шаралар жасалады. Бақылауды бөлім командирі белгілейді және жеке құрамды күшеттілген медициналық тексеруден өткізеді, басқа ауралар анықталады, жүқпалы ауралыр бөлектеліп, госпитализацияға жатқызылады; сондай-ақ зақымдалған барлық жеке құрам арасында алдын-алу шаралары жасалады. Осы кезде медицина қызметі өткізілетін барлық медициналық шараларға бақылауды күшетtedі.

Әскер орналасқан аумаққа транзитпен өте, шығу шектеледі, әскерлердің көршілес бөлімдермен және жергілікті тұргындармен араласуына тыым салынады.

Медициналық пункте және емдеу мекемелерінде эпидемияға қарсы жұмыс тәртібі орнатылады. Бақылау кезінде әскер соғыстан шығарылмайды. Медициналық пункттер мен емдеу мекемелерінің эпидемияға қарсы жұмыс кестесіне инфекциялық ауруларды және инфекцияға күдікті ауруларды тазарту шаралары кіргізіледі, сондай-ақ оларды жеткізген көліктерде дезинфекцияланады. Медициналық персонал зақымданудан сақтану шараларын сақтайды (антибиотиктермен жедел профилактика).

Бактериялық қару түрі анықталғаннан соң, қыздырғыш түріне қарай әскерге карантин салынады. Карантин жау аса қаупті инфекция қоздырғышын қолданғанда, сондай-ақ әскерлердің соғыс қабілетіне әсер ететін басқадай контогизоздық аурулар түрі анықталғанда белгіленеді.

Карантин зардап ошағын изоляциялауға, ауруларды жоюға базытталған эпидемияға қарсы және тәртіптік шаралар жүйесі. Карантин белгіленгенде зардап ошағына кіріп шығуға тыым салыналады, одан қандай да болсын мүлікті алдың-ала залалсыздандырмай алып шығуға рұқсат етілмейді. Ережелердің орындалуын қамтамасыз ететің арнайы қызмет үйымдастырылады.

Карантинде болатын жеке құрам бірнеше ұсақ топтарға бөлінеді. Ауру қаупі бар адамдардың күнделікті ыстығы өлиеніледі және медициналық тексерулерден өткізіліп, аурулары бөлектеліп, госпитализацияланады. Карантинге жабылған әскери бөлімдерде профилактикалық егу жұмысы жүреді және аурудың алдың алу мақсатында қажетті дәрі-дәрмектер қолданылады.

Карантин-әскери басмының бүйрүгымен белгіленіп және алынады. Әдетте карантин белгіленген соң әскер карантин мерзімі аяқталғанша соғыс қимылынан босатылады.

Карантин ұзақтығы және оны бақылау мерзімі қоздырғыш түріне қарай белгіленеді. Оның мерзімі ең сонғы ауруды бөлектеу шетінен бастап саналады. Барлық анықталған инфекциялық ауруларды, бөлектеу медициналық пункттердің изоляторында жүзеге асырылады. Инфекциялық аурулар ошақ ауданындағы инфекциялық госпитальда емделеді.

Бактериялық шабуылға ұшыраған жеке құрамды ауру тудыратын микробтар мен токсиндерден қорғауда жеке құрамды санитарлық тазартудан өткізу, киімдері мен қару жарактарын, техниканы, орналасқан жерді дезинфекциялау, сол сияқты су мен азық тұлектерді залалсыздандырудың орны ерекше.

Жеке құрамды ішінара санитарлық тазалықтан өткізу мен ішінара дезинфекциялау тікелей бактериялық шабуыл жасалған бөлімшелерде командирлердің басылығымен, химиялық қаруға қарсы жеке пакеттерді пайдалана отыра жүргізіледі. Толық санитарлық тазалауда мұліктер, қару мен техникаларды дезинфекциялау, инфекция ошақтары жанында орналасқан арнайы тазалау пункттерінде жүргізіледі. Медицина қызметі жүргізілетін шаралардың сапалы өтуіне бақылау жасап, сү мен тамақ өнімдерінің жарамдылығына қорытынды береді.

ЖАСАГАДА САНИТАРЛЫҚ ТИЛДЕМІНДІК ЖӘНЕ ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ҮШІН ТАРТЫЛАТЫН КҮШТЕР МЕ ҚҰРАЛДАР.

Санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды өткізу-медицина қызметінің жеке құрамына міндетті болып табылады, оны өткізуге медицина қызметінің барлық бөлімі, бөлімшелері мен мекемелері тартылады. Жүргізілетін шаралардың көлемі мен нақты мазмұны бірдей емес және ол әртүрлі медициналық қызмет буындарының міндеттерімен,

медицина қызметкерлерінің біліктілігімен және осы қызметтің жабдықталуымен айқындалады. Осы бағытта ротаның санитар – инструкторы рота қимылы ауданында медициналық барлау жасайды, барлық әскери қызметкерлердің жеке басы гигиенасы мен ұжымдық гигиена талаптарын орындаудын, тері мен шашты, аяқ – қол тырнақтарын, киімдерің, аяқ киім, ыдыс, қасығы, флягаларының тазалығына бақылау жасап, тексереді.

Моңша күні денелерін қарап, жараларды дезинфекциялайды.

Оның міндегіне рота орналасқан ауданың санитарлық жағдайына бақылау жасау, судың сапасын, дайын тамак

өнімдері мен тасылып әкелінетін тамақтың сапасын тексеру кіреді. Сонымен қатар, ол ротаның жеке құрамын

ОВ таблеткалармен, суды тазартатын дәріменен қамтамасыз етеді, инфекциялық ауруларды анықтап, олармен араласқан адамдарды бақылауга алады. Ауру жатқан жерді дезинфекциялап, қажет болған жағдайда дератизация жасайды. Жау биологиялық қару қолданған

жағдайда, қоршаған ортадан сынамалар алып, оны зертханаға жібереді, ішінәра және толыктай арнайы тазалау жүргізу сапасын тексереді, жеке құрамның зақымданған жерде өздерін дұрыс ұстауын, тазалық ережелерін сақтауын бақылайды,

әскери қызметкерлердің әскери қабілеті сақталуын қадағалайды. БМП-і бастығы батальон орналасқан ауданға санитарлық-эпидемиологиялық және бактериологиялық барлау жүргізеді. Тамақтануға санитарлық тексеру жүргізеді, су мен тамақ өнімдерді сапасын, оларды сақтау тәртібін, тасу кезінде санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын қадағалайды.

Асхана қызметкерлері жұмысын бақылайды, күн сайын олардың денесін қарайды, айна бір рет олардан ішек күрты тасуышы бактерияны анықтау үшін материал (сынама) алады. Аумақта тазалық сақталуын, батальон әскери қызметкерлері орналасуын, жеке және ұжымдық гигиена сақталуын қадағалайды. Роталарды бактериялық қарудан қорғаудың алдын-алу үшін қажетті құралдармен жабдықтайды, ішинара және толық тазалау жүргізу сапасын бақылайды, қоршаған ортадан зерттеуге сынамалар алады.

Монша күндері денені қарауга қатысады, жеке құрамды сабын, жәкемен қамтамасыз етеді, іш киімдерді жуу мен қайнату сапасын тексереді, әлсіз жауынгерлерді бақылауда алады.

Медицина қызметінің бастығы полкта жүргізілетін барлық санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларға басылық жасайды. Бұл шаралар БМП-індегіндегі болады, бірақ көлемі жасынан үлкен болады және медициналық қызметтің барлық бөлімшелері, бөлімі мен мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін қажет етеді. Дивизияда санитарлық-эпидемиологиялық зертхана болады. Оның құрамында төрт дәрігер: эпидемиолог, бактериолог, радиолог және токсиколог болады.

ВЗВОДТА ОРТА ЖӘНЕ КІШІ МЕДПЕРСОНАЛДАР БОЛАДЫ. СЭЛ-НҰ ЖАБДЫҚТАУЫНДА:АЛ, ДДН, ВМА ЖӘНЕ ТАҒЫ Да БАСҚА МҮЛІКТЕР БОЛАДЫ. СЭЛ-ФА КЕЛЕСІ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛЕДІ:

- дивизия әрекеті ауданына білікті медициналық барлау жүргізуге қатысу;
- дивизия орналасқан ауданда радиациялық, химиялық және бактериологиялық барлау жүргізу;
- жаппай қыру (жою) қаруынан (ЖЖК) әскерді, БМП мен медициналық бөлімшелерді қорғауға қатысу;
- жаудың бактриялық қарудың қай түрін қолданғанын экспресс әдісімен анықтау;

- *PB, OB, БК-дан закымдалған сұға, тамақ өнімдеріне сынақ жүргізу;*
- *жаралылар мен ауруларды санитарлық тазалаудан өткізу, олардың киімдерін, қаруларын дезинфекциялау, дегазациялау, дезактивизациялауды ұйымдастыру;*
- *жаппай жою қаруын қолдану зардаптарын жоюға қатысу.*

АРМИЯ ЖӘНЕ МАЙДАНДАҒЫ ЭПИДЕМИЯГА ҚАРСЫ МЕКЕМЕЛЕР:

- санитарлық-эпидемиологиялық отрядтар (СЭО), олар армия мен майдан көлемінде бүкіл санитарлық-эпидемиологиялық және эпидемияга қарсы шараларды іске асырады, ал армия мен майдан шебінде зертханалық зерттеулер, кеңейтілген бағдарламаларды жүзеге асырады, бөлімдер мен құрамаларды эпидемияга қарсы құралдармен жабдықтайды.

Эскери – далалық инфекциялық госпитальдар және аса қаупті инфекциялар үшін әскери-далалық инфекциялық госпиталь болады. Бұл мекемелер арнағы медициналық көмек көрсетуге арналған және инфекциялық ауруларды толық сауығып шыққанша емдейді, сондай-ақ эпидемияга қарсы шараларды іске асыруға арналған.

Бұл мекемелердің штаттың ұйымдастыруышы құрылымы туралы сендер біздегі эпидемиология кафедрасындағы тәжсрибе сабактарында толық өтетін боласындар.

**Дайындаған: әскери кафедраның оқытушысы
м/қ аға лейтенанты Е. Нуриев**